

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
ІСТЕРІ КОМИТЕТИНІҢ
«ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША
ОЛИМПИАДАЛЫҚ ДАЯРЛАУ ОРТАЛЫҒЫ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЗЫНАЛЫҚ ҚӘСІПОРНЫ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
«ЦЕНТР ОЛИМПИЙСКОЙ ПОДГОТОВКИ
ПО ЗИМНИМ ВИДАМ СПОРТА»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СПОРТА И
ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ
МИНИСТЕРСТВА КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

19.11.2021

Щучинск қаласы

ПРИКАЗ

№ 04-04/400

город Щучинск

«Қысқы спорт түрлері
бойынша олимпиадалық
даярлау орталығы» РМҚК
жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметі туралы
Ережені бекіту туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағына сәйкес, «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК директорының 2021 жылғы 18 қарашадағы №04-04/398 «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы» бұйрығын орындау үшін, қәсіпорын мен жұмыскерлердің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК комплаенс-қызметі туралы ұсынылған Ереже бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор

М. Кипшакбаев

ҚСТ ОДО директорының
2021 жылғы «19» қараша

КҮНГІ

№

БЕКІТІЛГЕН

М.О.

бұйрығымен

**«Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы»
РМҚҚ жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Қысқы спорт түрлері бойынша олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚҚ (бұдан әрі – ҚСТ ОДО, кәсіпорын) 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасы А.Ж. Шпекбаев бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға бірыңғай тәсілді қалыптастыру мен жемқорлыққа қарсы комплаенсты жүзеге асыру кезінде ықпал ету мақсатында қабылданды.

2. Ереже халықаралық тәжірибелі есепке ала отырып Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сәйкес әзірленді.

3. Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және кәсіпорынның ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын ҚСТ ОДО құрылымдық бөлімшесі (бұдан әрі-сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) ҚСТ ОДО директорының бұйрығымен айқындалады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты кәсіпорынның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

5. Жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері болып табылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең үздік халықаралық тәжірибелің сақталуын қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

4) Занға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметіне келесі қағидаттарды басшылыққа алу:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің тиімділігіне мұddeлілігі;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткілікті болуы;

3) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың тұрақтылығы;

4) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

5) квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді ҚСТ ОДО директоры не осыған уәкілетті тұлға қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ҚСТ ОДО директорының бұйрығы ҚСТ ОДО ресми интернет-ресурсында орналастырылады және үйімның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін Қәсіпорынның барлық бөлімдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру ҚСТ ОДО Қауіпсіздік қызметімен үнемі өзара бірлесіп әрекетеседі.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі ҚСТ ОДО директорының бұйрығымен белгіленген және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысына есеп береді.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықта және қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындастын өзге де құжаттарда айқындалады.

10. Жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет келесі қызмет түрлерін атқарады:

1) Қәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;

3) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу болып табылады;

4) мұдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірлген адамдар санатына жататын мемлекеттік сектор субъектісінің жұмыскерлерінің Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауы тұрғысынан мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7) квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтық қызметшілерінің қызметтік әдеп кодексін сақтауын бақылау;

8) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы № 12 бүйріғына сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

9) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

10) Сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және оларға қатысу;

11) Кәсіпорын қызметіндегі жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмыстарды үйлестіру;

12) ҚСТ ОДО қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді талдау мониторингі;

14) кәсіпорын жасасатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, іскерлік этика мен парасаттылықтың нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуі қамтамасыз ету.

12. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттер беріледі:

1) кәсіпорынның ішкі құжаттарымен регламенттелген бекітілген ресімдер шеңберінде ҚСТ ОДО құрылымдық бөлімдерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік қупияны құрайтын ақпаратты сұрату және алу;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін ҚСТ ОДО директорының қарауына өз күзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасау;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түскен хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын өзірлеуге және өз құзыretі шегінде оларды іске асыруға катысу;

5) өз құзыretіне жататын мәселелер бойынша кеңестер ұйымдастыру және өткізу;

6) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған кәсіпорын туралы ақпараттың, инсайдерлік ақпараттың қупиялылығын сақтау;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне жүгінген адамдардың сыйбайлас жемқорлықтың, Қазақстан Республикасы азаматтық қызметшілерінің қызметтік әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясаттар мен рәсімдерді бұзудың болжамды немесе нақты фактілері бойынша қупиялылығын қамтамасыз ету;

8) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі есеп беретін Кәсіпорын директорын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың болуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

13. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ақпараттандыру арналарын (сенім телефонын) құрады, олар бойынша азаматтар кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың бар немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алады не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алады.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкерлері мүдделер қақтығысына (жүргізілетін іс-шара шеңберінде қаржылық, мұліктік, туыстық немесе қандай да бір өзге мүдделіліктің болуы) әкеп соғуы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспайды.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысқа қабылданған сәттен бастап және басқа лауазымға тағайындалған кезде ұйым қызметкерлерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етеді.

Оқыту нысандарын өткізу әдістерін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес айқындауды (дәрістер, семинарлар, тренингтер, әңгімелесулер).

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кәсіпорынның ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдістемелік және ақпараттық қолдауды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімдері көрсетеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша есеп құрады:

1) тоқсан сайын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі Есеп беретін адамға (органға), сондай-ақ ҚСТ ОДО директорына жібереді;

2) жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне ОДО-ның ресми интернет-ресурсына орналастырылсын.

20. Кәсіпорын өзінің контрагенттерін, іскерлік серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын ҚСТ ОДО ресми интернет-ресурсы арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілетін іс-шаралар туралы тұрақты негізде хабардар етеді.